

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі

2023 жылғы 12 қаңтардағы
№ДЗ-3

Отбасыларға кешенді көмек көрсету жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты ұсыныстарды қарастыра отырып, келесіні хабарлаймын.

Отбасының цифрлық картасы (бұдан әрі – ОЦК) бұл азаматтарға тиісті мемлекеттік кепілдік түрлерін алу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

ОЦК-ға ақпарат мемлекеттік органдардың көптеген дерекқорларын жинақтайтын Smart Data Ukimet (бұдан әрі – SDU) платформасындағы ведомстволық ақпараттық жүйелердің интеграциялануымен жүзеге асырылады.

ОЦК азаматқа тиісті органдарға жүгіну қажеттілігінсіз, проактивті форматта ұсыныла отырып, өзіне кепілдік берілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқығының туындағаны туралы хабардар етеді.

2025 жылға қарай ОЦК әлеуметтік, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлерін қамтиды деп жоспарланады.

Сонымен қатар, ОЦК-ны құқық бұзушылықтар, автокөлік құралдары, тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік жағдайы нашар отбасылардан шыққан балалар, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар жөнінде мәліметтер алу бөлігінде Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау мәселесі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен қосымша пысықталатын болады.

Бұдан бөлек, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Отбасы істері комитетін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беру мүмкіндігін қарастыру және аумақтық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары құрылымдарының функционалдық міндеттерін кеңейтуге қатысты ақпарат 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 21-09/6537 хаты аясында жауап берілді.

Баяндалғанның негізінде осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

А. Көлгінов